Бекітемін
«Moldir Merke»
бөбекжай бақшасының
меңгерушісі:
Байтемирова Р.Д.

«Moldir Merke» бөбекжай балабақшасының

2023 – 2024 оқу жылындағы педагогикалық кеңесінің жоспары

Педагогикалық кеңес тақырыбы	Өткізілу түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
№ 1 педагогикалық кеңес: 1. № 5 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы туралы 2.Балабақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы 3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру 4. Жаз мезгілінің есебі 5. Топтардың перспективалық жоспарын бекіту 6.Балабақша мамандарының жоспарларын талқылап бекіту (психолог,медбике) жоспарларын талқылап бекіту.	Кеңес	тамыз	М.К.Суюмбаева М.К.Суюмбаева Тәрбиешілер Медициналық қызметкер
№ 2 педагогикалық кеңес: 1.№ 1 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы туралы 2.Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» 3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс - тәсілдерін іс- әрекетке енгізу.	дөңгелек үстел	қараша	М.К.Суюмбаева Медициналық қызметкер Тәрбиеші

№ 3 педагогикалық кеңес: 1. № 2 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы туралы 2. «Бала тілін дамытуда психологиялық ойындардың қосар үлесі» 3. «Педагогтардың жұмысын ұйымдастыруда әдіскермен бірлескен жұмыстар»	дөңгелек үстел	Қаңтар	М.К.Суюмбаева
№ 4 педагогикалық кеңес: 1.№ 4 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы . 2.2024 – 2025 оқу жылындағы балабақша жұмысының есебі. 3.2024 жылғы жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту	дөңгелек үстел	мамыр	тәрбиешілер, медициналық қызметкер, М.К.Суюмбаева

«Moldir merke» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңестің
№ 1 хаттамасы

«28» тамыз 2023ж. Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2023- 2024 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру
3. Жаз мезгілінің есебі
4. Топтардың перспективалық жоспарын бекіту

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Тойтанова сөзсөйледі. Балабақша ғимаратына жаз мезгілінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ғимарат жаңа оқу жылына дайын.

2023-2024 оқу жылында балабақшамыз 6 топты қамтып, барлығы 150 бала тәрбиеленіп отыр. 6 топқа барлығы 6 тәрбиеші жұмыс жасайды.

Екінші мәселе бойынша 2023 – 2024 оқу жылындағы білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хатпен таныстырылды. Биылғы жылдың негізгі ерекшелігі тәрбие жұмысында ұлттық құндылықтарға ерекше назар аудару. Барлық ұйымдастыралтын іс – шараларда ұлттық тәрбие кіріктіріліп отырылуы қажет.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері сөз алып, өз топтары бойынша қандай жұмыс жасалғандығы туралы атап өтті.

Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға,эмоциалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасау.Жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты ұзарды. Сауықтыру жұмыстарының жүйелі өткізу:

-әрбір бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға қажетті жағдай жасау;-бала өмірін қызықты және мазмұнды ету;

-құрдастармен және ересектермен қарым –қатынаста жұмыс жасауға үйрету;

-дене және психикалық денсаулығығын нығайту,

- қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

- спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік береді.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:

- балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту;

- балалардың спорттық іскерліктерін дамыту және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу.

Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілді.

Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді.

Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспары жасалынды. Тәрбиешілермен бірге балалардың қорғау күніне "Бақытты балалық шақ", "Алақай жаз келді", "Көңілді старт", спорттық ойын-сауық, "Менің туған өлкем" тас жолда сурет салу көрмесі, "Менің сүйікті ертегім", "Ертегіде қонақта" , "Ертегілер еліне саяхат" қуыршақ театры, "Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз", "Ережені білейік, аман-есен жүрейік!" танымдық ойын сауық", "Астана-арман қала" , "Су атасы Сүлеймен күні", "Менің сүйікті балабақшам," шаралары өткізіліп, балалар үшін қызыты мереке болды, қимылды ойындар мен спорттық жарыстар барысында ойынға қатысушылар өз ептіліктерін және мықтыларын көрсетіліп балалар осы шараларға белсене қатысты.

Жаз мезгілде сауықтыру және шынықтыру шараларын өткізуге мүмкіндік көп. Тәрбиешілер жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстарында ауызды шаю, қолды жуу, ауа және күн ванналарын қабылдау , саяжайда жалаң аяқ жүру сияқты шынықтыру шаралары күнделікті жүргізілді.

Қимылды ойындар қолданып балалардың белсенді ойын ойнады. Күн ыссы уақытта балалар ағаштардың көлеңкесіндегі жолдармен жүгіріп шынықтыру және тыныстау гимнастикасының кешенін орындады. «Денсаулық» білім беру саласы: дене шынықтыру,қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология бөлімдерінен тұрады. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған,олар: таза ауада дене шынықтыру,ертеңгілік жаттығулар,спорттық ойын-сауықтар,серуен,серуендегі қимылды ойындар, сергіту сәттері,ұйқыдан кейінгі гимнастика,массаж, жалаң аяқ жүру,су процедуралары. Сондықтан ойын кезінде баланың денесін дұрыс ұстауын, аяғын түзу басуын қадағалаған дұрыс. Қысқы ойындарда бала шанамен ойнағанды, қар ұстап ойнағанды жақсы көреді. Жаз, күз мезгілінде саябаққа барғанды ұнатады: жапырақ жинау, маусымдық киіммен,мысалы, аяғында ботинка, үстінде күртемен жүгіру қимылды қиындатары белгілі, бірақ ойын баласы оны жеңуге ұмтылады. Бала бойында осылай қимыл қозғалыста төзімділік, ептілік, ширақ қимыл дамиды. Бұлардың барлығы да денені шынықтыруға жатады. Ауа райы қандай болса да таза ауда болу пайдалы.

Жаз мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл-кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру,

тыныс алу гимнастикасы және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

Сонымен қатар балабақшада балалардың тамақтануы да қадағалауда болады.Ас мәзірінің құнарлылығы,сапасы мен әртүрлілігі басты назарда ұсталады.Жыл мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп бекітіледі. Дұрыс отыру,тағамдарды ретімен жеу,үстел үстінде өзін дұрыс ұстай білуді үйренеді. Мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасады

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Д.Байтемирова барлық топтар бойынша перспективалық жоспарлар тексерілгендігін, олардың талапқа сай жазылғандығын атап өтіп, бекітілетіндігін айтты.

Қаулы:

1. Балабақшаның 2023 – 2024 оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Топтар тәрбиешілері ай сайынғы циклограммаларын құру барысында 2023 - 2024 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат негізге алынсын.
3. 2022 – 2023 оқу жылының тәрбиешілерінің жазғы сауықтыру жұмыстарының есеті қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. «Балапан», «Ботақан», «Құлыншақ» «Қарлығаш» «Радость» «Ромашка» «Күншуақ» топтарының перспективалық жоспарлары бекітілсін. Циклограммалар осы перспективалық жоспар негізінде жазылсын.

Төрайымы: Байтемирова Р.Д

Хатшысы: Токтогулова Т

«Moldir Merke» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңестің
№ 2 хаттамасы

«10» қараша 2023ж. Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. № 1 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы туралы
2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс -тәсілдерін іс- әрекетке енгізу.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Д.Байтемирова сөз сөйледі.Бүгінгі таңда барлық топ жетекшілері өз циклограммаларын перспективалық жоспарға сәйкес жазып жүргізілгендігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша сөзді әдіскер М.К.Суюмбаева алды. Ол өз сөзінде балалардың денсаулығын сақтау үшін қандай шаралар қабылдану қажеттілігі айтып өтілді.

Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организімінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз.

Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін

ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан — жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым — қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке — дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет.

Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осыған орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады.

Жұмыстың мақсаты — мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Міндеттер:

- мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын қолдану мүмкіндіктерін анықтау;
- денсаулық сақтау технологиясына сипаттама бере отырып, мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын пайдалану әдістемесін ұсыну;
- білім берудің жаңа технологияларын қолдану (денсаулық сақтау, ақпараттық) ғылыми — әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, оларды іске асыру механизмдерін жетілдіру;
- балалардың денсаулығын сақтау мақсатында инновациялық бағыттағы материалдық — техникалық база қалыптастыру.

Күтілетіннәтижесі:

Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың денісау, психологиялық және интелектуалдық тұрғыда жан — жақты қалыптасқан, бастауышқа дайын болған мекеме түлегі.

Тәрбиешінің балалармен жұмыс жүргізуіндегі денсаулық сақтау технологиялары баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызғушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда мектепке дейінгі мекемеде денсаулық сақтау технологияларының түрлері:

Балабақшада оқу — тәрбие жұмыстарын заманталабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені , шешуде алуда тек қана

баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен керек. Олүшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн. Мысалы, жалаңаяқжүрутабан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаңаяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады. Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:

Тынысалужаттығулары
Жалпақтабандылықтыңалдын — алужаттығулары
Сымбаттытүзетужаттығулары
Созылу(стретчинг) жаттығалары
Йога жаттығулары
Көзгеарналғанжаттығулар

Таңертеңгі жаттығудан кейін тынысалу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді. Соныменқатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал — жабдықтарды қолданған жөн.

Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күнтәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез — келген ауруға қарсы тұруы маңызды.

Себебі ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады. Жүрек ырғақты жұмыс жасайды, жиырылуы — босауы, тынысалу, дем алумен — дем шығару кезектеседі, асқазандағы аста белгілі уақытта қорытылып отырады.

Жалпы табиғатта барлық жағдайлар белгілі реттілікпен жүреді: жыл мезгілдерінің, күн мен түнауысуы.

Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күнтәртібі сақталуға қатаң көңілбөлінген. Шынықтыру – сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады.

Мектепке дейінгі ұйымындағы денсаулық сақтау педагогикалық технологияларына келсек, мектепке дейінгі кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамитын кезеңі екенінбілеміз. Яғни осы жасшамадағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелері мен дене мүшелерінің, жүйкелік — психикалық дамуы қалыптаса түскенкезі. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау іс — шаралары кешенді де жүйелі жүргізілуі қажет. Сонда ғана жаңа өсіп келе жатқан өскелең ағза сыртқы факторлар әсеріне төтеп береалатын болады.

Денсаулық сақтау технологияларының кешенді жүргізудің басты мақсаты.

Мектепке дейінгі балалардың қимыл — әрекеттерін жетілдіріп, оның ағзасын суыққа төзімді болуға жаттықтыру.

Дені сау баланы өсіруде бірнеше бағыттар алынды.

Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби — шеберліктерін өрлету және де ата — аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру

Бұл іс — шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады. Шынықтырудың негізгі міндеттері Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш — қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру. Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларынын кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні — оның ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп асмәзірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу, қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл — әрекеті үйлесімді ұйымдастырылады.

Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек:

Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет.

Үшінші мәселе бойынша сөзді тәрбиеші Токтогулова Т. алды. Ол өз баяндамасында төмендегі мәселелерге тоқталып өтті.

Денсаулық сақтау технологиясының негізгі мақсаты баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Денсаулық сақтау технологиясы дене шынықтыру оқу қызметтерінде тиімді қолданылады. ойын тренингі және ойын терапиясы, қимыл- қозғалыс ойындары, «Денсаулық» сериясынан сабақтар, нүктелі массаж, өз-өзіне массаж жасау, биологиялық кері байланыс, жалпақ табандылықтың, омыртқа жоталарының қисайып кетуін алдын алу мақсатында жүргізілетін іс-шарада т.б. жүйелі қолдану негізінде жүзеге асады. Қазіргі кезде балалардың денсаулығын нығайтуда тұзды шахталар, емдідік-денешынықтыру жаттығулары, жүзу, құм ойындарын қолдану өз нәтижесін беріп келеді.

Жалпы денсаулық сақтау шаралар жүйесі төмендегілерден тұрады:

- балаларды өз дене мүшесіне күтім жасауды оқытудан;
- дене шынықтырудан;
- тағамдарды дәрумендеуден;
- фитопрофилактикадан;
- натуропатиядан;
- өзін-өзі психологиялық реттеу жаттығуларын меңгеруден;
- балалардың қозғалыс әрекетін оңтайландырудан.

Қаулы:

1. № 1 педагогикалық кеңестің қаулысының орнидалуы қанағаттарлық деп есептелсін.
2. Тәрбиеші ШөпшекбайС. «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» баяндамасы назарға алынсын.
3. Тәрбиеші «Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс -тәсілдерін іс-әрекетке енгізу» хабарламасы назарға алынып, тәжірибе жүзінде енгізілсін.

Төрайымы: Байтемирова Р.Д

Хатшысы: Токтогулова Т

ЖШС «Moldir Merke» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кеңестің
№ 3 хаттамасы

«12» қаңтар 2024ж. Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. № 2 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы туралы
2. «Бала тілін дамытуда психологиялық ойындардың қосар үлесі»
3. «Педагогтардың жұмысын ұйымдастыруда әдіскермен бірлескен жұмыстар».

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Д.Байтемирова сөз сөйледі.Бүгінгі таңда барлық топ жетекшілері өз циклограммаларына денсаулық сақтау технологияларының ішінара енгізіліп жатқандығын атап өтті. Аталған технологияның толыққанды енгізілуіне тәрбиеші кадрларының тұрақсыздығы әсер етіп отыр.

Екінші мәселе бойынша сөзді балабақша тәрбиеші Т.Токтогулова алды.

Бала тілін ойын арқылы дамыту Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті-ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке тынысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз, ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сондай-ақ заман ағымына да белсене қатысады. Балабақшаларда оқыту-тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйретететін де ойын. Бала үшін ойын өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс-әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір-бірімен қарым қатынас жасайды. Оқу іс-әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай түрлерге бөлінеді.

Ойынның түрлері:

•Ұлттық ойындар;

• Сюжетті-рөлді ойындар;
• Педагогикалық ойындар;
• Дидактикалық ойын;
• Шығармашылық ойын;
• Қимылды ойындар.

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз- педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Дидактикалық ойындар оқу іс-әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс-әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс-әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Тәрбиеші баланы ойынға ғана қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады. Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоцияларды, ерік-жігер қасиеттері шыңдалады, мінез-құлық айқындала түседі. Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен, өз қабілетімен еркешеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек. Үлкендер өзіне тән еркешеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді , білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір-бірінеұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын-жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойын арқылы байқалады. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сойндай-ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым-қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады. Ойындар күтілетін нәтижелер: 1. Ойын- тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді. 2. Еркін мінез-қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді. 3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі. 4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады. 5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді. 6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі. Демек, ойын баланы жан – жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның

өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір-бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға яғни ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады. Психологиялық жақтан денсаулықты нығайту негізделген. Қорыта айтқанда, ойын – мектепке дейінгі балалардың негізі іс-әрекеті. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды, тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасты реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан, жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.

Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс-әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Р.Д.Байтемирова сөз алды. Ол өз сөзінде балабақшада өткізілетін барлық шаралар меңгеруші, әдіскер тарапынан бірлесе жасалу керектігі және оның міндетті түрде тәрбиелік мәні болу қажеттілігіне назар аудару қажеттілігі ескертілді.

Қаулы:

1. № 2 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы қанағаттарлық деп есептелсін.
2. Балабақша тәрбиешісі Т.Токтогулова «Бала тілін дамытуда психологиялық ойындардың қосар үлесі» баяндамасы назарға алынсын.
3. Балабақша тәрбиешілері барлық іс – шаралар меңгерушімен бірлесе ұйысмдастырылу қажеттілігі ескерілсін.

Төрайымы: Байтемирова Р.Д

Хатшысы: Токтогулова Т

«Moldir Merke» бөбекжай балабақшасы
Педагогикалық кенестін
№4 хаттамасы

«30» 05.2023ж. Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

01.Өткен педкеңестің шешімінің орындалуы
02.Баланың денсаулығын нығайту және өмірін қорғаудың бірегей кеңістіктің құрылуы
03.«Баланың топтағы және серуенге шыққандағы қауіпсіздігі» баяндама.
04.Пед кеңес қорытындысы, шешім қабылдау.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі Р.Д.Байтемирова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің қаулыларыне тоқталды. Ересек топтардағы оқу қызметінің мазмұнына қарай тиімді технологияларды пайдалану жетістігі туралы тақырыптық тексеру қорытындысына келер болсак, жақсы қанағаттанарлық деген денгейде. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты-тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды да алғыр,ой-өрісі ақпарат көздерін өз бетімен қорытып, қолдануға қабілетті, шығармашыл, ой- өрісі кең, жоғары мәдениетті адам тәрбиелеу.

Қазіргі таңда тұлғаның жалпы эстетикалық қабылдауы мен дамуының заманауи міндеттерін шешуге арналған эстетикалық өнерді оқытудың жаңа амалдарын табуға көп көңіл бөлінеді. Өскелең ұрпаққа эстетикалык тәрбие беру жүйесінде бейнелеу өнерінін алатын орны ерекше. Яғни, қоршаған ортанын сұлулығын көріп түсіне білу мәдениетін тәрбиелеуге, көркем-эстетикалық сезімді, енбек белсенділігін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ адамды алға ұмтылуға, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа, қол ұшын беруге әзір болуға, тұлғаның өзін-өзішығармашылық тұрғыдан көрсетуіне мүмкіндік береді. Сондықтан тек ТРИЗ технологиясымен шектеліп калмай жанашыл әдіс тәсілдерді қолдануды, ары қарай ізденуді айтып сөзін қорытындылады.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері М.К.Суюмбаева. Тақырып бойынша презентациялар, практикалық кезең. Жиырма бірінші ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі танда заманымызға сай зерделі,ой- өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпак калыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып табылады. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер,ойын-сауықтар өткізуге тиіспіз. Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Егер өзгермей тіке тұрып жаттығуды жасаса балаларды жалықтырып жіберуі мүмкін. Сондықтан әртүрлі жағдайда тұрып, отырып, жатып жасайтын жаттығуларды жоспарлау керек. Жалпы жетілдіруші жаттығуларда жалаушалар, доптар. құрсаулар, клубтар, таяқшалар т.б. пайдаланылады. Таза ауадағы шынықтыру бес бөлікке бөлінеді жүгіруден, жеке және топталған әдістерден тұрады ерекшеқозғалыстардан спорттық ойындар мен эстафеталардан тұратын қимыл қозғалыстың белсенділігімен өткізіледі. Таза ауадағы дене шынықтыру тек денесін шынықтырып ғана қоймайды сондай ақ тәрбиелік мәні бар білімін ұштастыруға септігін тигізеді. Бірін-бірі сыйлау, ұйымшылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде маңызы зор. Спорттық ойындар арқылы балаларды төзімділікке, қайратты шымыр болуға баулу қажет.

Жаз айларында жалаң аяқ жүруге, жалпақ табанды болдырмау мақсатында ұсақ тастардың, тігілген қақпақшалар, тікенек жаймалар үстімен жүргізу. Түс мезгілінде топ бөлмесіне кіргенде сумен шынықтыру. Түскі ұйқыдан сон құрғақ ысқалау, ылғалды орамалмен ысқалау шынықтыру шараларын ұйымдастыру. Серуен кезінде қимыл қозғалысқа байланысты әртүрлі жаттығу ойындар ойнату. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші ата- аналардың балабақшамен байланысы дұрыс жолға қойылса, спорттық ойындарға ата аналар белсене қатысып, қызығушылық тануын ынтымақтаса жүргізген жұмыс нәтижелі болады. Сонда ғана қазіргі заман талабына сай жан жақты жетілген бойында ұлттық сана мен имандылық әдебі бар, парасатты ұрпақ тәрбиелей аламыз.

ТЫҢДАЛДЫ: Баяндама. Тәрбиеші Мустафа З.«Грамматикалық дамудың ерекшеліктері баланың қалыпты жетілуі, тілдік қорларынын жетілуі» тақырыбында баяндама оқыды.

Балабақшада тәрбиеленіп жүрген баланың тілі де, ой өрісі де үйле жалғыз жүріп өскен баладан анағұрлым жақсы дамиды. Онда баланың тілін жаттықтырып, ой өрісін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Әсіресе, баланың жас ерекшелігіне қарай айтылатын қызықты тартымды өлендер, тақпақтар,жаңылтпаштар бала ұғымын кеңейтумен бірге, дыбыстарды дұрыс айтып үйретуге баулиды, сөздік корын байытады.

Тілдің грамматикалық сөйлеу мәдениетін игеруде баланың сәби шағынан басталып, біртіндеп жетілетін кезең. Сондықтан баланы балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында белгіленген оқу іс- әрекеттің көп уақыты балалардың тілдерінің дамуына, көркем сөз өнеріне баулуға, мәнерлеп сөйлеуге, тіл мәдениетінежұмсалады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен сөздік жұмысын жүргізу тіл дамытудын негізгі міндеті болып табылады. Балабақшала 5 білім беру саласы бойынша жұмыс жасаймыз. Соның ішінде, «Қатынас» білім беру саласында балалардың елестету, есте сақтау, ойлауларын, қызығушылығын дамыту, өз ойын еркін жеткізуін қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. Қоршаған ортамен, табиғатты бақылап түсіндіріп, әрдайым жаңа сөздермен сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыдағы айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілетін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қыска әңгімелеріне бағыт бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

ТЫҢДАЛДЫ: Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М.К.Суюмбаева сөз алды. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бойынша өтізілген іс-шараларының жетістіктері мен кемшіліктеріне қысқаша тоқталып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша тәрбиешісі Рызаева Г.Ф.

Баяндама: қазақ «Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту». Ұлттық ойындар халқының ерте заманнан қалыптаскан дәстүрлі ойын сауықтардын бір түрі. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Ұлттық ойындар ата бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ак серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық - Көк сандық», «Ак сүйек» баланың көзін жұмғызып аландағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшандыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланын үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің

арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке. мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Дене тәрбиесі іс - әрекеті мазмұны негізінен қимылды, ұлттық ойындардан тұрады. Ұлттық ойындар дене шынықтыру оқу қызметінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру: жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп тәрбиелеуге дағдыландыру.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты балалардың денсаулығын нығайту; денені шынықтыру мәдениетін қалыптастыру; өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулылары қанағаттанарлық.
2. Барлық топтарда жас ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыру, сауықтыру шаралары әдіс тәсілдері қолданылсын.
3. Балабақша топтарында серуенде, дене шынықтыру оқу қызметінде, ойындарында, спорттық эстафеталық жарыстарда ұлттық ойындар қолға алынсын

Төрайымы: Байтемирова Р.Д

Хатшысы: Токтогулова Т